

Бүгін САРҮАҒАШ АУДАҢДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ХХІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ

Сессия отырысына аудандық мәслихат депутаттары, аудан әкімінің орынбасары Б.Полатов, қала, кент және ауылдық округ әкімдері мен ауданның дербес бөлім басшылары қатысты.

Сессия қарауына енгізілген мәселелер:

- 1.Сарыағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы №16-115-VII «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы;
- 2.Сарыағаш ауданы бойынша елді мекендердің шекараларын өзгерту туралы.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ауданның экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ғ.Мейманбаев, екінші мәселе бойынша ауданның жер қатынастар бөлімінің басшысы Н.Кукеев баяндама жасады. Баяндамашыларға депутаттар тарапынан сұрақтар қойылып, тиісті ұсыныстар мен ескертпелер берілді. Сессия соңында күн тәртібіндегі мәселелер бойынша мәслихат депутаттары шешім қабылдады.